

Спอร์ตтық секция «Волейбол» бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған есебі

2024-2025 оқу жылының I –тоқсаннан бастап «Волейбол» үйірмесі аптасына үш сағат жоспарға сәйкес өтілді. Үйірме 9-11 сынып оқушылары қамтылды. Кестеге сәйкес оқушылар әр сәрсенбі-бейсенбі күндері үйірмеге қатысады.

Үйірме жұмысының мақсаты оқушыларға волейбол ойынының ережесін үйрету. Оқушыларды шығармашылық іздеушілікке баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу. Волейбол ойынына деген қызығушылығын арттыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Волейбол үйірмесі осы ойын түрінен мектеп командасын құруға негіздеген. Үйірмеде оқушылардың Мектеп лигасы ойындарында бәсекелестік туғыза алатын команда қалыптастыруға басты назар аударылған.

Секцияға қажетті құжаттар:

- 1) Волейбол үйірмесі туралы бағдарлама
- 2) Жылдық жоспар
- 3) Қатысым туралы журнал

Волейбол үйірмесі волейбол сабағына және үйірмеге арналған жоспар тиісінше жазылған, оқушыларға берілетін теориялық білім негізі, тактикалық, техникалық дайындықтарды жүргізу, олардың құрамы, жалпы дене құрылымын дамыту, арнайы дамыту, волейболшыларға қандай қозғалыс қабілеттері қажет, барлығы оқушыларға түсіндіріліп отырады.

Үйірме жұмысы дәріс, ойын, жарыс әдістері қолданылады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп ішілік жарыс өткізіліп тұрады. Оқушылар аудандық жарыстарға да қатысып келесі нәтижеге қол жеткізді 9-11 класс арасында өткен мектеп лигасында 13 команда ішінде 3 орынға ие болды. Аудандық оқушылар арасында өткен жарысқа қатысып 3 орын алды. Келесі жылға алдыға қойған мақсатымыз көбірек аудандық басқа мектептермен жолдастық кездесулерді үнемі өткізіп тұру.

Дене-шынықтыру пәні мұғалімі  Ибраимов Е.Б.